

Қазақстан Республикасының
2019 жылдағы сыбайлас
жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл туралы

ҰЛТТЫҚ БАЯНДАМАСЫ

QAZAQSTAN, NUR-SULTAN
2020

Осы баяндама Азия даму банкінің Қазақстандағы тұрақты өкілдігінің қолдауымен Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №154 Жарлығын (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндаманы дайындау, Қазақстан Республикасының Президентіне енгізу және оны жариялау қағидалары) орындау үшін дайындалды.

Құжаттың мақсаты Қазақстанның 2019 жылғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын іске асыру нәтижелері туралы қоғамды ақпараттандыру болып табылады.

Мемлекеттік органдарды, квазимемлекеттік секторды және қоғамдық ұйымдарды қоса алғанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың барлық субъектілерінің жұмыс қорытындылары жарық көрді.

Баяндамада сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің трансформациялануына және алдын алу жұмыстарын ауқымдауға ерекше көңіл бөлінген.

Сондай-ақ Қазақстанда сыбайлас жемқорлықты түйсіну деңгейін

тәуелсіз бағалау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықтың қорытындылары көріністеп қан.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша қабылданған заңнамалық және практикалық шаралар, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті одан әрі жетілдіру, оның ішінде БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясының ережелерін, Еуропа Кеңесінің 20 жетекші қағидатын (GRECO) және ЭЫДҰ ұсыныстарын орындау бойынша ұсынымдар берілген.

Ұлттық баяндама үкіметтік емес сектор өкілдерінің қатысуымен еліміздің барлық өңірлерінде талқыланды.

Құжат оқырмандардың кең ауқымына – мемлекеттік қызметшілер, тәуелсіз сарапшылар, рейтинг агенттіктері, қоғам қайраткерлері, ғалымдар және басқа да мүдделі тұлғаларға арналған.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫБАЙЛАС
ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ АГЕНТТІГІ

Нұр-Сұлтан қ., С.Сейфуллин көшесі, 37-үй

тел. +7 (7172) 90-92-60

anticorruption@nab.gov.kz

МАЗМҰНЫ

I	04	Стратегиялық тезистер
Кіріспе	05	Негізгі оқиғалар
II	07	Қазақстан халықаралық рейтингтерде
Сыбайлас жемқорлықты түйсіну деңгейін бағалау	09	Социологиялық зерттеулер
III	12	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың құқықтық негізі, мақсаты мен міндеттері
Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының архитектурасы	12	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілері
	13	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің трансформациясы
IV	15	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің 2019 жылғы қызметінің нәтижелері
Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылдаған шаралары		<ul style="list-style-type: none">• заңнамалық бастамалар• «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру• сыбайлас жемқорлықты кешенді талдау және алғышарттарын жою• сыбайлас жемқорлыққа қарсы жобалар мен акциялар
	26	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың жекелеген субъектілерінің нәтижелері
		<ul style="list-style-type: none">• қоғамдық ұйымдар• орталық және жергілікті мемлекеттік органдар• квазимемлекеттік сектор субъектілері
	29	2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны іске асыру
	30	Қылмыстық-құқықтық статистика
	31	Түйінді көрсеткіштер
V	33	GRECO ұйымына кіруі
Халықаралық ынтымақтастық	34	ЭЫДҰ ұсынымдарын орындау
	35	Халықаралық іс-шаралар
VI	37	Тұжырымдар
Қорытынды	38	Ұсыныстар
VII	42	Кейбір бөлімдер бойынша кеңейтілген ақпарат
Қосымша		



“ Сыбайлас жемқорлық – жай құқық бұзушылық емес. Ол мемлекеттің тиімділігіне деген сенімге нұқсан келтіреді және ұлттық қауіпсіздікке тікелей қауіп төндіреді. Біз сыбайлас жемқорлықпен күресті, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы жетілдіру арқылы, түпкі мақсатымыз – жемқорлықты құбылыс ретінде жою үшін шұғыл түрде күшейтуге тиіспіз ”

«Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2012 жылғы 14 желтоқсан

“ Сыбайлас жемқорлықтың себептері мен алғышарттарын анықтау және жою жөніндегі жұмысты күшейту қажет ”

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 2017 жылғы 31 қаңтар



“ Сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін оны толық жойғанға дейін мемлекет пен азаматтардың күш-жігерін біріктіру жоспарланып отыр. Қоғамдық бақылау күшейтілетін болады, ҰЕҰ басқарудың барлық деңгейінде нормативтік құқықтық актілердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптамасына тартылатын болады, ал қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары ашықтықты қамтамасыз ету үшін мемлекеттік шешімдер қабылдауға қатысатын болады ”

Қазақстан Президенті Қ.К. Тоқаевтың сайлауалды бағдарламасынан

“ Сыбайлас жемқорлық - бұл мемлекеттің дамуын тежейтін кері күш, ол қоғамда өзара сенім мен мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер төндіретін құбылыс. Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйелі жұмыс жүргізетін боламыз ”

Қазақстан Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2019 жылғы 12 маусымдағы Ұлықтауда сөйлеген сөзінен

Қаңтар	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитетінде және оның ведомствоға бағынысты ұйымдарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген сыртқы талдаудың қорытындысы бойынша мәжіліс	Шілде	Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) туралы ережені және оның құрылымын бекіту. Қазақстан Президентінің 2019 жылғы 22 шілдедегі №74 Жарлығы М.С. Нәрікбаев атындағы ҚазГЗУ университетінде «Adal bilim» жобалық кеңсесінің ашылуы
Ақпан	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 2018 жылдың қорытындысы бойынша кеңейтілген алқа отырысы Дубай қаласында Дүниежүзілік үкіметтік VII саммитке қатысу Жоғарғы Сот және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет арасында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзара іс-қимыл туралы меморандум жасасу	Тамыз	«Transparency International Kazakhstan» қоғамдық қорының «Қазақстандағы сыбайлас жемқорлық жай-күйінің мониторингі» атты зерттеуі
Наурыз	ЭЫДҰ-ның Шығыс Еуропа мен Орталық Азиядағы сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі желісінің пленарлық отырысы. Сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі Стамбул іс-қимыл жоспары мониторингінің төртінші раундының ұсынымдарын іске асыру бойынша Қазақстанның есебі. Дүниежүзілік кеден ұйымының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі диагностикалық миссиясы	Қыркүйек	БҰҰ мен Агенттік арасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріндегі өзара іс-қимылды жандандыруға бағытталған ынтымақтастық туралы меморандум Агенттік пен «Nur Otan» партиясы жанындағы «Jas Otan» жастар қанаты арасындағы оқу орындарындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері бойынша ынтымақтастық туралы меморандум
Сәуір	«Сыбайлас жемқорлықтан бос өңірлер» жобаларының іске асырылу барысын талқылау бойынша мәжіліс Ақпаратқа қол жеткізу мәселелері жөніндегі комиссияның отырысы	Қазан	Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы академия тараптары Ассамблеясының 8-отырысы, Нұр-Сұлтан қ. Қазақстан мен Еуропа Кеңесі арасындағы мемлекеттер тобы (GRECO) өкілдерінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы және бағалау топтары мүшелерінің артықшылықтары мен иммунитеттеріне қатысты келісімге қол қою. Комплаенс-офицерлердің бірінші форумы ЕҚЫҰ-ның «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетудегі цифрлы технологиялардың рөлі» атты өңірлік конференциясы
Мамыр	Ішкі істер органдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі 2019-2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту Герман экономикасының Шығыс комитеті, «Transparency International» және «Бертельсманн» атындағы қордың басшы құрамымен Агенттік өкілдері арасындағы сараптамалық кездесулер.	Қараша	Форум: «Адалдық алаңы: қоғам мен мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша өзара іс-қимылының жаңа форматы» «Antikor ortalygy» сервистік орталықтарының ашылуы «Халық заңгері» жалпыреспубликалық акциясы
Маусым	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті қайта ұйымдастыру және трансформациялау Еліміз бойынша парасаттылық мектептерінің ашылуы	Желтоқсан	БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясына қатысушы мемлекеттер конференциясының 8-сессиясы, Абу-Даби қ. ЕРАС-тың 19-конференциясы Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы жыл сайынғы V конференция Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға түзетулер енгізу GRECO-мен келісімді ратификациялау



**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ
ТҮЙСІНУ ДЕҢГЕЙІН БАҒАЛАУ**

II



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы кешенді шаралардың нәтижесінде ҚАЗАҚСТАН алғаш рет сыбайлас жемқорлықты түйсіну индекcінде **34** балл жинап, рейтингтегі позициясын **11 тармаққа көтерді (124-тен 113-ке)**

Қазақстанның СЖТИ-дегі рейтингі

2019 – 113 орын

2018 – 124-орын

2017 – 122-орын

2016 – 131-орын



Халықаралық ұйымдардың зерттеуі, олардың негізінде Қазақстан бойынша СЖТИ есептеледі

№	Зерттеудің дерек көзі	Көрсеткіш	2018	2019	Динамикасы
1	Bertelsmann Foundation Transformation Index	сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат	25	33	+8
2	Economist Intelligence Unit Country Ratings	сыбайлас жемқорлық деңгейі	20	20	0
3	Freedom House Nations in Transit Ratings	сыбайлас жемқорлық деңгейі	24	24	0
4	Global Insight Country Risk Ratings	сыбайлас жемқорлық тәуекелдері	35	35	0
5	IMD World Competitiveness Yearbook	парақорлық және сыбайлас жемқорлық	48	55	+7
6	PRS International Country Risk Guide	сыбайлас жемқорлық	27	43	+16
7	World Economic Forum EOS	сыбайлас жемқорлықты түйсіну	46	47	+1
8	World Justice Project Rule of Law Index	сыбайлас жемқорлықтың болмауы	34	36	+2
9	Varieties of Democracy Project	саяси жемқорлық	17	17	0

Ескертпе: 2019 жылы «Freedom House Nation in Transit Ratings» зерттеуі Қазақстан бойынша жүргізілмегендіктен, СЖТИ-2019 қалыптастыру кезінде 2018 жылғы деректер пайдаланылды.


«СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ БАҚЫЛАУ» ИНДИКАТОРЫ

Дүниежүзілік Банктің 214 елді бағалайтын «Мемлекеттік басқару индикаторлары» атты (Worldwide Governance Indicators) жыл сайынғы зерттеулері шеңберінде, **Қазақстан «Сыбайлас жемқорлықты бақылау» индикаторы бойынша айтарлықтай ілгерілеушілікке қол жеткізді.**

1996 жылы СЖТИ өлшеу басталған сәттен бастап, Қазақстанның осы рейтингте болған барлық уақытында жоғарылауы айтарлықтай және ең жақсы нәтижеге тек 2019 жылы қол жеткізілді.


Пайыздық дәрежесі **36,06%** - ды құрады, бұл алдыңғы көрсеткіштен екі есеге артық.

Қазақстанның СЖТИ-дегі пайыздық дәрежесінің динамикасы
(2012-2018 жылдарда)



World Competitiveness Ranking

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК БАНКТИҢ ЖАҒАНДЫҚ РЕЙТИНГІ



2019 жылы Doing Business рейтингінде ҚАЗАҚСТАН өз позициясын жақсартты және **28-орыннан 25-орынға көтерілді.**

Қазақстан **IMD (World Competitiveness Ranking)** бәсекеге қабілеттіліктің әлемдік рейтингінде 4-орынға көтеріліп, 63 елдің ішінде **34-орынға** ие болды.

Бұл, көбінесе, «**парақорлық және сыбайлас жемқорлық**» индикаторы бойынша елдің позициясын айтарлықтай жақсартудың арқасында мүмкін болды – 2018 жылмен салыстырғанда, 29-орын және оған қоса 10 позиция жоғары (2018 жылы 3,43 балмен салыстырғанда 10-нан 4,28 балл).

7,2 мың
қазақстандық сұралған

1,8 мың
кәсіпкер

ЗЕРТТЕУ ГЕОГРАФИЯСЫ:

Қазақстан бойынша барлығы республикалық маңызы бар

3 қала,

14 облыс орталығы және

163 аудан орталығы

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ЖАЙ-КҮЙІНІҢ МОНИТОРИНГІ Transparency International Kazakhstan зерттеуі

 Жұртшылық			 Кәсіпкерлер		
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ КӨЗДЕРІ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР					
МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР/МЕКЕМЕЛЕР	ЖИІЛІК	%	МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР/МЕКЕМЕЛЕР	ЖИІЛІК	%
Мемлекеттік ауруханалар мен емханалар	216	28,7	Жер қатынастары басқармасы	34	20,4
Полиция	85	11,3	Мемлекеттік кірістер департаменті (салық)	33	19,8
Жер қатынастары басқармасы	53	7	Өртке қарсы қызмет	26	15,6
Мемлекеттік балабақшалар	52	6,9	Кеден органдары	24	14,4
Мемлекеттік ЖОО	51	6,8	Аудандық полиция бөлім	20	12
Жұмыспен қамту орталығы	38	5,1	Кеден органдары	24	14,4
Мемлекеттік колледждер	37	4,9	Аудандық полиция бөлім	20	12
ХҚКО (Азаматтарға арналған үкімет)	36	4,8	Аудандық әкімдік	19	11,4
Мемлекеттік мектептер	34	4,5	Көші-қон полициясы	12	7,2
Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы	31	4,1	Сот	11	6,6
Әскери комиссариаттар	28	3,7	Азаматтарға арналған үкімет (ХҚКО)	9	5,4
Сіздің аудан әкімдігінің аппараты	27	3,6	Әкімдіктің қала құрылысы басқармасы	8	4,8
Сот	16	2,1	Жұмыспен қамту орталығы	7	4,2
Салық департаменті	13	1,7	Әкімдіктің Сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	3	1,8
Қала құрылысы бақылау басқармасы	11	1,5	МҚІЖСЖҚІА	2	1,2
Көші-қон қызметі/полициясы	9	1,2	Ауданның тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы (су арнасы)	2	1,2
Кеден	7	0,9	СЭС	2	1,2
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі	3	0,4	Прокуратура	1	0,6
Азаматтардың хал актілерін тіркеу бөлімі (АХАТ)	3	0,4	Энергетикалық қызмет	1	0,6
Прокуратура	2	0,3	Жауап беруден бас тартқандар	1	0,6
БАРЛЫҒЫ	752	100	БАРЛЫҒЫ	215	128,7
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА КЕЛІСУДІҢ НЕГІЗГІ СЕБЕПТЕРІ:					
<ul style="list-style-type: none"> • Қағазбастылық • Мәселені шешуді ұзаққа созу 			<ul style="list-style-type: none"> • Қағазбастылық • Өкілеттіктерін асыра пайдалану • Қорқытып алушылық 		

58 336

қазақстандық сұралған


Қазақстанның **17** өңірі

ТҮЙІНДІ ИНДИКАТОРЛАР:

- Сыбайлас жемқорлыққа қатынас
- Азаматтардың парасаттылық дәрежесі
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа сенім деңгейі
- Сыбайлас жемқорлықты түйсінү деңгейі
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа азаматтардың қатысу әлеуеті

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ТҮЙСІНУ ДЕҢГЕЙІН БАҒАЛАУ

TALAP қолданбалы зерттеулер орталығының зерттеуі




Азаматтардың **2/3** бөлігі соңғы 3 жыл ішінде сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейтілген деп санайды

Азаматтардың **60,4%-ы** сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуге **жеке үлесін қосуға дайын екендіктерін** білдірді

Сауалнамаға қатысушылардың **53,5%** -ы елдегі сыбайлас жемқорлыққа қатысты ахуалдың соңғы 3 жылда **жақсарғанын атап өтті**

Сыбайлас жемқорлықпен күрес соңғы 3 жылда күшейе түсті ме?





**ӘДІЛДІК
ПАРАСАТТЫЛЫҚ
СЕНІМ**

III

ҚАЗАҚСТАННЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТЫНЫҢ АРХИТЕКТУРАСЫ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТЫНЫҢ АРХИТЕКТУРАСЫ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТТЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІ

Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын реттейтін заңнама түрлі деңгейдегі құқықтық актілердің жиынтығын білдіреді – халықаралық шарттар, кодекстер, заңдар, Президент жарлықтары, Үкімет қаулылары, министрліктер мен ведомстволардың бұйрықтары, жергілікті атқарушы органдардың шешімдері.

Олардың ішінде «Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын ратификациялау туралы» 2008 жылғы 4 мамырдағы №31-IV Заң, «Қазақстан Республикасы мен Еуропа Кеңесі арасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттер тобы өкілдерінің және бағалау топтары мүшелерінің артықшылықтары мен иммунитеттеріне қатысты келісімді ратификациялау туралы» 2019 жылғы 30 желтоқсандағы №299-VI ҚРЗ Заңы, Қылмыстық кодекс, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс, «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қоғамдық кеңестер туралы», «Ақпаратқа қол жеткізу туралы», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Құқық қорғау қызметі туралы» заңдар болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты дамыту бағытын айқындайтын негізгі құжаттар:

«Қазақстан - 2050» стратегиясы

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың МАҚСАТЫ мен МІНДЕТТЕРІ

Мақсат – барлық қоғамды сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа тарту және оның кез келген көріністеріне «мүлдем төзбеушілік» ахуалын құру арқылы сыбайлас жемқорлық деңгейін азайту.

Міндеттер:

- мемлекеттік қызмет саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл;
- қоғамдық бақылау институтын енгізу;
- квазимемлекеттік және жеке сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл;
- соттар мен құқық қорғау органдарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің деңгейін қалыптастыру;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл СУБЪЕКТИЛЕРІ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл жөніндегі уәкілетті орган – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет).

Өзге субъектілер:

- мемлекеттік органдар;
- квазимемлекеттік сектор субъектілері;
- қоғамдық бірлестіктер;
- өзге заңды тұлғалар;
- жеке тұлғалар.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТТІҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

2019 жылы 13 маусымда

Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің құрамындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросын қайта ұйымдастыру жолымен, Мемлекет басшысының Жарлығымен тәуелсіз құқық қорғау органы – Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) құрылды.

Жаңадан құрылған Агенттіктің **МИССИЯСЫ** – Қазақстан халқының игілігі үшін сыбайлас жемқорлықты жою

ПАЙЫМДАУЫ –

Қазақстанның азаматтары мен мемлекеттік институттарын сыбайлас жемқорлықтан қорғайтын ашық, кәсіби және тиімді құқық қорғау органы

БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР –

әділдік, парасаттылық, сенім

ФИРМАЛЫҚ ЖАҢА СТИЛИ



— Көгілдір түс әділдікті, кемелділікке және жаңартуға ұмтылысты білдіреді.




— Ақ - тазалық, сатылмаушылық, кінәсіздік, парасаттылықпен байланысты.



— Көк - сенім, қауіпсіздік және наным.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТТІҢ ЖАҢА ҚҰРЫЛЫМЫ



Жаңа органның құрылымы бұрынғыдан түбегейлі өзгерген және алдыңғы қатарлы елдердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы органдарының тәжірибесіне негізделген.

Превенция департаменті сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау және оларды кейіннен жою бойынша кешенді жұмыстар жүргізеді.

Парасаттылық департаменті сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет идеологиясын қоғаммен тығыз ынтымақтастықта алға тартады.

Серіктестік департаменті қоғаммен, бұқаралық ақпарат құралдарымен, халықаралық және шетелдік ұйымдармен тығыз өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.

Ішкі резервтер есебінен екі жаңа жедел-тергеу департаменті құрылды (квазимемлекеттік сектордағы, сот және құқық қорғау органдарындағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау және тергеу).

Агенттіктің кадрлық әлеуетін күшейту мақсатында, **«Антикордың 30 жаңа тұлғасы»** рекрутингтік жобасы іске асырылды. Басымдылық қазақстандық және шетелдік алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының, оның ішінде «Болашақ» бағдарламасы бойынша, шет тілдерін меңгерген, жобалық менеджмент және корпоративтік басқару білімі бар магистрлер мен PhD докторлары қатарынан шыққан кандидаттарға берілді.

Агенттіктің кадр жұмысындағы жаңашылдық қызметкерлердің **парасаттылығының жеке карталарын** пилоттық режимде енгізу болды. Бұл жеке құрамды адал, салауатты, әлеуметтік жауапты және салауатты өмір салтын жүргізуге ынталандырудың түпкілікті жаңа құралы.



IV

ҚАЗАҚСТАННЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚАБЫЛДАҒАН ШАРАЛАРЫ



Мемлекет басшысының сайлауалды бағдарламасын орындау үшін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды күшейту жөнінде бірқатар маңызды заңнамалық шаралар қабылданды.

Тәуелсіз Қазақстан тарихында алғаш рет, бағынышты тұлғаларының сыбайлас жемқорлығы үшін, басшылардың жауапкершілігі заңнамалық деңгейде бекітілді.

Енді саяси мемлекеттік қызметшілер, егер олардың тікелей бағынышты тұлғалары сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған жағдайда, отставкаға шығуға міндетті.

Саяси емес, А және Б корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметшілері болып табылатын барлық басқа басшыларға қатысты олардың тікелей бағыныштысы сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған жағдайда тәртіптік жауапкершілік енгізілді.

Бұдан басқа, басшының ұжымда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша өз міндеттерін жүйелі түрде елемегені үшін жауапкершілігі енгізілді.

Нормативтік құқықтық актілер жобаларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптамасы қалпына келтірілді, бұл заңнамалық және заңға тәуелді актілерді әзірлеу сатысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін қаупіне алып келетін нормаларды жоюға мүмкіндік береді.

Агенттікке сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қалыптастыру мен үйлестіру және сыбайлас жемқорлық деңгейін бағалау бөлігінде берілген өкілеттіктер заңнамалық түрде бекітілген.

Сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарламалары үшін азаматтарды көтермелеудің белгіленген сараланған жүйесіне көшу жүзеге асырылды.

Пара сомасы (залал)	Көтермелеу мөлшері
1 мың АЕК-тен кем (2,6 млн. тг)	265 мың теңгеге дейін
1 мың АЕК-тен көп	Пара мөлшерінің 10%-ы, бірақ 4 мың АЕК-тен көп емес (10,6 млн. тг)

Қазіргі уақытта сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірқатар басқа да шаралар пысықталу сатысында. Бұл заңсыз байыту, барлық мемлекеттік қызметшілердің кірістері мен шығыстары туралы декларацияны міндетті түрде жариялау, Integrity Check/Testing парасаттылыққа тексеру институты, квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер үшін жауапкершілікті енгізу.

Бұдан басқа, Агенттік бірқатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы бастамаларды пысықтауды жалғастыратын болады.

Бұл параның уәделерін/ұсыныстарын қылмыстандыруға, «сыбайлас жемқорлық» ұғымын жеке секторға таратуға, әлеуетті құрылымдар мен сот корпусы қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық үшін жазасын қатаңдатуға, сыбайлас жемқорлардың мерзімінен бұрын шартты түрде босатуды қолдануына мүмкіндік беретін жазаны өтеу мерзімдерін ұлғайту мен еселік айыппұлдарды жоюға, қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерде сотталған сыбайлас жемқорлар үшін бас бостандығынан айыруды өтеу мүмкіндігін болдырмауға, экономикадағы қолма-қол айналымды жылдам қысқартуға қатысты.

«ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН МЕМЛЕКЕТ» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ




2019 жылы Агенттік төрағасы азаматтарды қабылдауды ай сайынғы мерзімділігінен апта сайынға өзгертті. Төраға орынбасарлары мен аумақтық органдардың басшылары қабылдауды күн сайын жүзеге асырады. Басқа қалалардан **келген азаматтар** бейне-конференция байланысы арқылы қабылданады.

Нәтижесінде, жеке қабылдаумен қамтылған азаматтар саны **24%-ға өсті** (1770-тен **2201-ге** дейін).

Агенттіктің және оның аумақтық органдарының басшылығы азаматтардың сұрауларына дер кезінде ден қою және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты түсіндіру бойынша **әлеуметтік желілерде белсенді жұмыс** жүргізуде.

«Ашық диалог» порталында **интернет-конференциялар** тұрақты негізде өткізіледі. Әрбір өтініш мұқият қаралады және жедел түрде жан-жақты шаралар қабылданады.


Тіркелген өтініштер саны



2019 жылы Агенттік «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Мемлекет басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында бастамашылық еткен **«Халық үніне құлақ асатын мемлекет»** тұжырымдамасын дәйекті түрде іске асырды:

- Call-center 1424;
- Азаматтарды қабылдау;
- Интернет-конференциялар мен әлеуметтік желілер;
- «Antikor ortalығы» сервистік орталықтары.

Агенттіктің және оның аумақтық органдары басшыларының жеке қабылдауларының саны



CALL-CENTER 1424

Өтініштер саны 3 есеге (353-тен **988-ге** дейін) және сотқа дейінгі тергеулердің саны 2 есеге (32-ден **66-ға** дейін) өсті, бұл азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке деген сенімінің артқандығын көрсетеді.

АШЫҚТЫҚ

ИНКЛЮЗИВТІЛІК

СЕНІМ



«Antikor ortalygy» фронт-кеңселерін құру арқылы жоғары деңгейлі қызмет көрсету моделін енгізу жобасына бастамашылық жасалды (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің сервистік орталықтары).

Әкімдіктердің қолдауымен орталықтар 13 өңірде (Нұр-Сұлтан қ., Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында) ашылды.



Сервистік орталықтарда азаматтарды жедел және кедергісіз қабылдау және кеңес беру, баспасөз конференцияларын өткізу үшін жағдай жасалған. Олар сыбайлас жемқорлыққа қарсы бастамалардың «фабрикалары» болуға және сыбайлас жемқорлықтан бос аумақтарды кеңейту мәселелерін талқылау үшін белсенді азаматтарды тарту орнына айналуға тиіс. Әрбір тілек білдіруші оларға келіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы бастамаларды талқылауға қатыса алады.

2020 жылы мұндай сервистік кеңселер республиканың қалған 4 өңірінде құрылатын болады.



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ ЖӘНЕ АЛҒЫШАРТТАРЫН ЖОЮ

236

сыртқы талдау

170

мониторинг

2966

ұсыным

63

құқықтық акт өзгертілді

Агенттік 2019 жылы маусым айында құрылған сәттен бастап, Превенция департаменті сыбайлас жемқорлықтың себептері мен жағдайларын кешенді жою бойынша жұмысты жүйеге келтірді.

2019 жылы **10 сыбайлас жемқорлық тәуекеліне орталықтандырылған деңгейде, 226-сіне өңірлік деңгейде** талдау жүргізілді. Мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне дәрілік заттар сараптамасы, тұрғын үй құрылысы және тұрғын үй қатынастары, мүмкіндігі шектеулі адамдарды әлеуметтік қолдау, энергетика, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, жол құрылысы, ветеринариялық бақылау, кеден, мемлекеттік матрерв, су ресурстары және т.б. салалардағы талдаулар жүргізілді.

2 мыңнан астам ұсыным енгізіліп, 63 құқықтық актіге бастамашылық жасалды.

Мысалға, халықты жұмыспен қамту саласын талдау қорытындысы бойынша «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру кезінде бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану анықталды. Атап айтқанда, бұл азаматтарды талап етілмеген мамандықтар бойынша оқыту, әлеуметтік жұмыс орындарына жалған жұмысқа орналастыру.

Агенттіктің ұсынымдары бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бағдарлама шеңберінде қысқа мерзімді оқыту тетігін толығымен қайта қарады. Енді оқыту курстардан өткен адамдарды жұмысқа орналастыруға кепілдік беретін жұмыс берушілердің өтінімдері бойынша ғана жүзеге асырылуда.

Әлеуметтік жұмыс орындарында жұмыскерлерге еңбекақы төлеу рәсімі өзгертілді. Мәселен, мемлекет субсидиялаған жалақы бөлігі тікелей бағдарламаға қатысушыға аударылды, бұл жұмыс беруші үшін жалған жұмыс орындарын құруды тиімсіз етеді.

Әділет министрлігі жылжымайтын мүлікке құқықтарды тездетіп тіркеу үшін ресми төлем белгіледі және Меншік құқығы туралы куәліктің негізінде құқықтарды электрондық тіркеуді енгізді.

Ғылым комитеті ұлттық ғылыми кеңестер қызметінің ашықтығы мен кең объективтілігін қамтамасыз етті.

Отырыстарды онлайн трансляциялау, қойылған балдардың негіздемелерімен ашық дауыс беру, мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманың ең жоғары балдарын алған жобаларды қарау енгізілді.

Бұдан басқа, кеңестер құрамы жаңғыртылды. 193 кеңес мүшесінің ішінен заңнамада белгіленген талаптарға сай келмейтін 21 ғалым алынып тасталды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізілген 170 мониторинг шеңберінде мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіру туралы 350 ұсыным әзірленді.

Мұндай жұмыс әр түрлі салаларда (өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау, арнайы техниканы басқару, ұлттық бірыңғай тестілеу) емтихан қабылдау, жол құрылысы, темір жол көлігі, ауыл шаруашылығы жәрмеңкелерін ұйымдастыру және елді мекендерді көгалдандыру мәселелері бойынша жүргізілді.

«Атамекен» ҰКП-мен бірлесіп, мемлекеттік сатып алу саласында мониторинг жүргізілді.


Мұнда ең көп таралған бұзушылықтар бағаны айтарлықтай көтеру, құқықтық негіздерсіз бір көзден алу тәсілімен шарттар жасасу және басқалар болып табылады.

Нәтижесінде, бір ай ішінде ғана (бұл жұмыс желтоқсанда басталды) 800 млн. теңгеге жуық сомада бюджетті тиімсіз пайдаланудың жолы кесілді.

Қылмыстық істерді тергеу нәтижелері бойынша мемлекеттік органдарға сыбайлас жемқорлықтың себептері мен жағдайларын жою туралы 2966 ұсыным енгізілді. 1175 лауазымды тұлға, оның ішінде 465 басшы жауапкершілікке тартылды. 161-і жұмыстан шығарылды.

Агенттік анықтаған кемшіліктер мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектордың сыбайлас жемқорлыққа қарсы жеткілікті шаралар қабылдамайтынын көрсетеді.


СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЖОБАЛАР МЕН АКЦИЯЛАР



Арнайы мониторингтік топтардың (АМТ) қызметі қоғамдық бақылаудың тиімді құралына айналды.

Олар 2015 жылы 15 шілдеде ЭЫДҰ-ның ұсынымдары бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі жанында, тіпті ауылдық деңгейге дейін барлық деңгейде құрылды. Олардың әлеуеті 3 мыңнан астам сарапшылар мен қоғамшыларды құрайды.

АМТ Денгейлері



Арнайы мониторингтік топтар қатарына кәсіпкерлер, жұртшылық, мәдениет қызметкерлері, спортшылар, мүмкіндігі шектеулі тұлғалар және басқа да түрлі әлеуметтік топтардың өкілдері тартылды.

Кең өкілдік көптеген салалар мен бағыттарда табысты жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Олар денсаулық сақтау, білім беру, ХҚКО, көші-қон қызметі, көліктік бақылау, кеден қызметі, автомобиль жолдары және т.б. объектілерде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның іске асырылуын сырттай бағалауды жүзеге асырады.

Сондай-ақ АМТ қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға жәрдем көрсетеді.

900-ден астам облыс, қала, аудан және ауылдық округтерге сапарға шығулар
Рейдтік 700 іс-шара



АМТ жұмысының нәтижесінде әкімшілік кедергілер мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдері төмендейді, мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы артады, транспарентті, ашық және есеп беретін мемлекетке көшу қамтамасыз етіледі.

Магистратурада оқуға гранттар бөлу мониторингінің қорытындысы бойынша 2 млрд. теңгеден астам сомаға бюджет қаражатын тиімсіз жұмсаудың алдын алу осының айқын үлгісі.

Негізінен, өңірлерде қоғамдық бақылау жүргізіледі. Мәселен Алматы қаласында дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету саласына, учаскелік полиция пункттерінің қызметіне, халық үшін ауыл шаруашылығы жәрмеңкелерін ұйымдастыруға мониторинг жүргізілді.

Ақтөбе облысында облыстың жоғары оқу орындары мен колледждерінде заңсыз сыйақы беру фактілері анықталды.

Ақмола облысында мемлекеттік органдар мониторингінің қорытындысы бойынша 45 ұсыныс жасалып, оның 70%-ы орындалды.

АМТ сыбайлас жемқорлықты түйсіну деңгейінің ұлттық индикаторын енгізу, денсаулық сақтау мекемелерін басқару жүйесін өзгерту, мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсету жөніндегі қызметті орталықтандыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама институтын күшейту, бюджет қаражатын тиімсіз жұмсаудың жолын кесу бойынша бастамалар және басқа да ұсыныстар енгізді.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЖОБАЛАР МЕН АКЦИЯЛАР



2019 жылы бүкіл ел бойынша жергілікті атқарушы органдар жанынан 75 мыңнан астам еріктіні біріктірген, жалпыхалықтық қозғалысқа айналған «**Adaldyq alaŃy**» (сыбайлас жемқорлықтан бос аймақтар) бірегей жобалық кеңсесі дамуын жалғастырды.

Аталған кеңселерге 8 мыңнан астам азамат жүгінді, олардың үштен бірі өздерінің бұзылған құқықтарын толығымен қалпына келтіріп, проблемалық мәселелерін шешті.

Жобалық кеңсе шеңберінде мақсаты тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты жою, мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру және қоғаммен тығыз өзара іс-қимылда парасаттылық қағидаттарын ілгерілету болып табылатын арнайы жобаларға бастамашылық етіледі.

Protecting business and investments – «Adaldyq alaŃy» кеңсесінің маңызды жобаларының бірі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сүйемелдеумен **12 трлн. теңгенің 421 бизнес-жобасы** қамтылған.

Кейбір мысалдар:

«Green Capital Kazakhstan» нидерландтық инвестициялық компаниясы – 350 млн. теңге мөлшерінде кеден бажын негізсіз есептеуге жол бермеуге жәрдемдесу;

«DumniPolska» поляк компаниясы – Алматы қаласындағы өкілдікті тіркеу бойынша мәселелерді шешуге жәрдемдесу.



PROTECTING BUSINESS AND INVESTMENTS

90% (665-тен 601-і)

кәсіпкерлер мен инвесторлардың өтініштері оң шешілді



Қазақстандағы парламентаризм қорының және Нидерланды елшілігінің қолдауымен іске асырылған, **Ашық бюджеттердің интерактивті картасын** (publicbudget.kz) елдің барлық аймақтарында ауқымды ету жалғастырылды.

Онда инфрақұрылымдық объектілерді салуға, жөндеуге және ұстауға бөлінген бюджет қаражаты туралы жан-жақты мәліметтер көрсетілген. Кез келген азамат анықталған бұзушылықтар туралы тәулігіне 24 сағат онлайн-режимде хабарлай алады және оның орындалуын жеке кабинетінде қадағалап отырады.

Сондай-ақ «**Халықтық қатысу бюджеті**» модулін іске қосу жоспарлануда, оның көмегімен қаржыландыруды талап ететін объектілерді анықтауға азаматтардың тікелей қатысуы қамтамасыз етіледі.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЖОБАЛАР МЕН АКЦИЯЛАР

2019 жылы 10 маусымда Transparency International Kazakhstan сыбайлас жемқорлыққа қарсы жазғы мектептерді ашу туралы бастамасы дами бастады және олар, шамамен, 4 мың оқу орнының базасында тұрақты жұмыс істейтін **«ПАРАСАТТЫЛЫҚ МЕКТЕПТЕРІ»** болып қайта құрылды.

Мақсаты – жастар ортасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықтың үлгісін қалыптастыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалыстың жаңа формациядағы жас өкілдерін дайындау.



Жалпы республикалық **«ПАРАСАТТЫЛЫҚ САҒАТЫ»** акциясы тоқсан сайын өткізіледі, оның шеңберінде ағымдағы оқу жылында, шамамен, 3 млн. оқушы қамтылды.

2019 жылы 16 қазанда республиканың барлық колледждерінде бірыңғай **«Адалдық сағаты»** сағаты өтті, оған жоғарғы оқу орындарының оқытушылары, қоғам қайраткерлері шақырылды.

«АДАЛ ҰРПАҚ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысы және **«SANALY URPAQ»** («Саналы ұрпақ») жобасы шеңберінде жастарды парасаттылыққа тәрбиелеу және құқықтық сауаттылықты арттыру бойынша іс-шаралар өткізіледі.

Қазақстандық 11 жоғарғы оқу орнында **АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ЛИГАСЫ** өз қызметін жүзеге асырады. Лиганың жоғарғы оқу орындары студенттердің барлық жазбаша жұмыстарын плагиатқа тексерудің автоматтандырылған жүйесін қолдана бастады. АҚШ, Германия және басқа да дамыған елдерде бұрыннан қолданылатын Bell Curve қисығы негізінде бағалау медианасы (студенттерді оқыту нәтижелері) бекітілді.



Лиганың барлық жоғарғы оқу орындарында академиялық адалдық, парасаттылық және корпоративтік әдеп мәселелері бойынша **комиссиялар** құрылды, **«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің негіздері»** пәні енгізілді. Емтихан кесінділерін ұйымдастыру рәсімдерінің объективтілігі мен ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында, **«Таза сессия»** акциясы өткізіледі.

Жоғарғы оқу орындарының сайттарында студенттер мен олардың ата-аналарына арналған «Ректордың виртуалды қабылдауы», «Ректордың блогы», «Сенім жәшігі», «Сенім телефоны» бөлімдері ашылған.

2019 жылдан бастап **кешенді тестілеу** және білім беру гранттарын орталықтандырып беру арқылы магистратураға қабылдаудың жаңа форматы енгізілді. Бұл талапкерлерге ЖОО-ның осы үдеріске қатысуын жоққа шығара отырып, ЖОО-лардың дербес таңдау жасауына мүмкіндік берді.



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЖОБАЛАР МЕН АКЦИЯЛАР

М.С. Нәрікбаев атындағы ҚазГЗУ университетінде **"ADAL BILIM"** жобалық кеңсесі құрылды, оның міндеттері сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, ғылым салаларында парасаттылықты қалыптастыру, сондай-ақ осы саланы реттейтін нормативтік құқықтық актілерді талдау болып табылады.



2019 жылы жобалық кеңсе Министрліктің және оның ведомствоға бағынысты ұйымдарының құрылымын оңтайландыру бойынша талдау жүргізді, жоғары білім бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасы жасалды, жоғары оқу орындарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы аудиті жүзеге асырылды, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырысты бөлу бойынша мониторинг жүргізді.

68 жоғары оқу орнында «бір терезе» қағидаты бойынша студенттерге **ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҚТАРЫ** жұмыс істейді (анықтама беру, студенттерді оқу пәндеріне тіркеу, кредиттер мен пәндерді қайта есептеу, дипломдар мен транскрипттердің телнұсқаларын беру және т.б.). Бірқатар университеттерде жатақханалардағы орындар онлайн - режимде берілуде.



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет «Параграф» ақпараттық жүйесімен және «Zakon.kz» агенттігімен бірлесіп, еліміздің 176 елді мекенінде **«ХАЛЫҚ ЗАҢГЕРІ»** акциясын өткізді.

18 мыңнан астам азамат түрлі саладағы 2,5 мыңнан астам білікті заңгерлер мен сарапшылардан тегін заң кеңесін алды.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЖОБАЛАР МЕН АКЦИЯЛАР

2019 жылы 900-ден астам мемлекеттік орган **«OPEN-SPACE»** форматына және азаматтармен өзара іс-қимылдың сервистік үлгісіне көшті. 4 мыңға жуық басшы бірінші қабаттарға ауысты.

Бұл әртүрлі сала мамандарын бір жерде шоғырландыруға, азаматтар үшін мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін кеңейтуге, сондай-ақ мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы мен айқындылығын арттыруға мүмкіндік берді.



Парасаттылық инфрақұрылымын қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Мысалға 4,5 мың **дүкен, дүңгіршектер, адалдық турникеттері** мен өзіне-өзі қызмет көрсету кассалары жұмыс істейді.

«ADAL JOL» («Адал жол») жобалық кеңсесінің ұсынысы бойынша 1 шілдеден бастап «Қазақстан Темір Жолы» ұлттық компаниясы темір жол билеттерін сатудың автоматтандырылған ақпараттық жүйесін іске қосты.

«Күту парағы» функциясы қарастырылған, онда жолаушы билет болмаған жағдайда, электрондық кезекке тұрады.

Бұл билет тапшылығы мен теріс пиғылды делдалдардың алаяқтық әрекеттерін болдырмауға мүмкіндік берді. Билетсіз жол жүрудің 576 фактісі және ресімделмеген жолжүгінің 41 фактісі анықталды. Аталған фактілер бойынша «Жолаушылар тасымалы» АҚ-да 130 қызметкер жұмыстан шығып, 26 адам лауазымдарында төмендеді.



Жол активтері сапасының ұлттық орталығында **«SAPALY JOL - Adaldyq alańy»** жобалық кеңсесі (2019 жылдың маусымынан бастап) жұмысын бастады.

Мақсаты - автомобиль жолдарын салу, қайта жаңарту және жөндеу кезінде, жұмыстар мен материалдардың сапасын сараптау кезеңінде арнайы мониторингтік топпен тығыз өзара іс-қимылда жария және ашық бақылауды қамтамасыз ету.

Проблемалы учаскелерге 100 бақылау сапары ұйымдастырылды, 200-ден астам бұзушылық анықталып, оларды жою қамтамасыз етілді.

Бүкіл ел бойынша филиалдардың тармақталған желісі бар «ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы» республикалық қоғамдық бірлестігі 2019 жылы өзінің жарғылық қызметін белсенді жалғастырды.

2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны іске асыруға жәрдемдесу мақсатында, РҚБ тұрақты негізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы ағарту бойынша іс-шаралар - семинарлар, дәрістік сабақтар, шығармашыл интеллигенциямен кездесулер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырып бойынша дипломдық жұмыстар мен үгіт материалдарының көрмесін өткізеді.



Сондай-ақ мемлекеттік билік органдарымен, азаматтық қоғам институттарымен және бизнес қоғамдастықпен бірлесіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылады.

Халықтың өзекті мәселелері бойынша форумдар, дөңгелек үстелдер, қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Ұсынымдар Парламентке, Президент Әкімшілігіне, Үкіметке және басқа да мүдделі мемлекеттік органдарға жолданды.

«ЖАҢАРУ» қоғамдық сенім орталықтары жанынан құрылған қоғамдық қабылдау бөлмелерінде азаматтарды қабылдау тұрақты жүргізіледі. Халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді бақылау үшін өңірлерде мобильдік топтар құрылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда саяси партиялар маңызды рөл атқарады.

Мысалға, «Nur Otan» партиясы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі партияның 2025 жылға дейінгі бағдарламасын іске асыруды жалғастыруда.

Партия жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңестердің барлық деңгейдегі қызметі жандандырылды.

Олар өзекті мәселелер талқыланатын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар енгізілетін белсенді алаңға айналды.

Білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру және халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету және т. б. мәселелер бойынша кеңестің 700-ден астам отырысы өткізілді.

«Nur Otan» партиясының бақылауындағы өткір мәселелердің бірі білім беру ұйымдарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою болып табылады.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша белсенді жұмыстар жүргізетіндер:

- Қазақстан халқы Ассамблеясы;
- Адам құқықтары және заңдылықты сақтау жөніндегі халықаралық бюро;
- Кәсіподақтар федерациясы;
- Қазақстандағы парламентаризмді дамыту қоры;
- «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірінші медиа-орталық;
- Қазақстанның Азаматтық Альянсы және басқалар.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН СУБЪЕКТИЛЕРІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын және Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау үшін, барлық мемлекеттік органдарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспары қабылданды, **«Adaldyq alańy»** жобалық кеңселері құрылды (сауда және интеграция, қорғаныс, ұлттық экономика министрліктерін қоспағанда, онда жобалық кеңселер 2020 жылы ашылатын болады).

«Ашық үкімет» тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде **«Сервистік әкімдіктер»**, халыққа қызмет көрсету аймақтары оpen-sрасе форматында құрылуда, мемлекеттік органдардың басшылары бірінші қабаттарға көшуде, сенім телефондары, өтініштерге арналған пошта жәшіктері, басшылардың блогтары және әлеуметтік желілердегі парақшалары жұмыс істейді.

2019 жылы нақты нәтижелерге қол жеткізілді. Мысалға, мемлекеттік органдар мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді **жедел цифрландыруды жалғастырды**. Сонымен, 2019 жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттік көрсетілген қызметтердің 81%-ын электрондық форматта алуға болады (барлығы 723 қызмет: 586 – электрондық, 137 – қағаз).

Бас прокуратураның бастамасы бойынша сыбайлас **жемқорлық үшін жауапкершілікті күшейту** және жеке адамның құқықтарын қорғауды күшейту мақсатында, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 65-бабына түзетулер енгізілді, оған сәйкес сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамды **сот қана** шын өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату мүмкін.

Балабақшаға кезекке тұрудың электрондық форматына республиканың 40 қаласы мен 150 ауданы көшті. Кез келген адам балабақшаны таңдап, кезекке тұрып, үйден шықпай-ақ талон ала алады. Сонымен қатар Шығыс Қазақстан облысының

әкімдігі балаларды мектепке дейінгі мекемелерге ғана емес, орта және орта арнаулы оқу орындарына да кезекке қою үдерістерін автоматтандырды.

Нұр-Сұлтан қаласында АҚШ тәжірибесі бойынша құрылған iKomek-109 қалалық жедел әрекет ету және мониторинг орталығының қоғамдық танымалдығы артты. 2019 жылы 1,7 миллион өтініш түсті (2018 ж. – 1 млн.). Өтініштердің 85%-ы бірінші қоңыраудан-ақ шешілді, әлеуметтік желілердегі өтініштерге 100% жауап, 13 мыңнан астам бейнекамера, азаматтардан жергілікті органдарға келіп түскен жүйелі мәселелер 20% - ға төмендеді, бұл

лауазымды тұлғалармен тікелей байланысты болдырмады. Осыған ұқсас ахуалдық орталықтар 2019 жылы Қостанай, Орал және Петропавл қалаларында іске қосылды.



Павлодар облысы әкімдігінде «Ertis – adaldyq alańy» жобалық кеңсесі 2019 жылы 30-дан астам түрлі жобаны жүзеге асырды. Олардың бірі - азаматтардың облыс әкіміне тікелей бейне-жүгінуіне арналған кабинет ашу. Сонымен қатар, **«Damumed»** мобильді қосымшасы әзірленді, онда жұмыс беруші QR-код арқылы еңбекке жарамсыздық парағының дұрыстығын дербес тексере алады.

Түркістан облысында **балабақшаға балаларды** 53 мыңнан астам **100%** баланы мектепке, 2,7 мың қызметкерді білім беру ұйымдарына электрондық қабылдау жүзеге асырылды.

Шымкент қаласында **CollegeSmartNation** порталында техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында гранттарды бөлу бойынша мемлекеттік көрсетілетін 8 қызмет **автоматтандырылды**.

Бұл тек орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмысының кейбір нәтижелері ғана (№1 қосымшаны қараңыз).

КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК СЕКТОР СУБЪЕКТИЛЕРІ

Ұлттық холдингтерде, ұлттық компанияларда және квазимемлекеттік сектордың басқа да субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа және парақорлыққа қарсы іс-қимыл менеджментінің тиімді жүйесін дамытуға жауапты **комплаенс-бақылау қызметтері** құрылды.



2019 жылы 28 қазанда Қазақстанда **комплаенс-офицерлердің бірінші форумы** өтті.

Мемлекет басшысы және барлық мемлекеттік органдар заңнамаға Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс жүйесінің толыққанды жұмыс істеуі үшін түзетулер енгізу туралы Агенттіктің бастамасын қолдады.

«АТАМЕКЕН» ҰЛТТЫҚ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫ

Кәсіпкерлік қызметті цифрландыру шеңберінде сатып алу нарығының ашықтығы мен қолжетімділігін арттыру мақсатында, **«Сатып алудың бірыңғай терезесі»** порталы енгізілді. Сервис кәсіпкерлерге, талдаушыларға және бақылаушы органдарға арналған.

«Бірыңғай терезе» 5 сатып алу алаңын, сервис сыйымдылығы 10 трлн. теңгеден асатын 100 мыңнан астам тауар позициясын біріктіреді. Сервис сатып алу бағасының артуын анықтауға, көлеңкелі айналымды қысқартуға және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша, **кәсіпкерлік субъектілерінің**

Қоғаммен өзара іс-қимылда сыбайлас жемқорлық тәуекелі жоғары компаниялардағы сыбайлас жемқорлықтың алғышарттарын белсенді жою жүзеге асырылады.

Осылайша, квазимемлекеттік сектордың 3 субъектісінде «Adaldyq alaıny» («Қазақстан темір жолы» ҰК) АҚ, «Фармация» СК» ЖШС, «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК) жобалық кеңселері құрылды.

Квазимемлекеттік секторды **үдемелі цифрландыру жүргізілуде.**

Мысалға, «Бәйтерек девелопмент» АҚ-да бөлінген қаражаттың игерілуін бақылауды қоса алғанда, нақты уақыт режимінде салынып жатқан барлық объектінің дистанциялық мониторингін жүзеге асыратын Нұрлы жер **ахуалдық орталығы** пайдалануға берілді. Бұл сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар, жымқыру және алаяқтық жасау тәуекелдерін айтарлықтай азайтуға мүмкіндік берді.

бірыңғай тізілімін жасау басталды, бұл әлеуетті серіктестер таңдауда ашықтықты қамтамасыз етеді. Барлық дерекқорлармен интеграцияланғаннан кейін әрбір кәсіпкердің «ақпараттық портреті» құрастырылатын болады.

«Жария құқықтың заңды тұлғалары туралы» заң жобасының тұжырымдамасы әзірленді. Бұл институт ел экономикасына мемлекеттің қатысуын шектейді.



Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңестер:

- **176 отырыс өткізді**
- **633 ұсыным енгізді**

Квазимемлекеттік сектордың басқа субъектілерінің нәтижелерімен №1 қосымшада танысуға болады.

2015-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТРАТЕГИЯНЫҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫ



Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №986 Жарлығымен бекітілген. Оны толық және дәйекті іске асыру мақсатында, 2 іс-шаралар жоспары қабылданды

2015-2017 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

64 іс-шара

2015	2016	2017	Жыл сайын орындалуда
16 іс-шара	24 іс-шара	8 іс-шара	16 іс-шара

2018-2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

67 іс-шара

2018	2019	2020	Жыл сайын орындалуда
23 іс-шара	18 іс-шара	9 іс-шара	19 іс-шара

2019 жылы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны іске асыру жөніндегі 2018-2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарында жауапты мемлекеттік органдар бекітіле отырып, 37 іс-шара көзделген.

Мысалға, Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі қоғамдық кеңестер қызметінің мәселелері бойынша заң жобасын әзірлеп, Парламент Мәжілісіне енгізді.

Заң жобасында қоғамдық кеңестер туралы жыл сайынғы Ұлттық баяндаманы дайындау, сондай-ақ қоғамдық кеңестердің құқықтарын кеңейту, оның ішінде олардың ұсынымдарының орындалуын бақылау және құқық қорғау органдары басшыларының есептерін тыңдау көзделеді.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің бастамасымен 2019 жылы жергілікті қоғамдық кеңестердің 284 отырысында мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді жетілдіру, оның ішінде халық арасында электрондық көрсетілетін қызметтерді танымал ету мәселелері қаралды (1181 ұсынымның 1052-сі немесе 89%-ы орындалды).

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі БҰҰДБ сарапшыларымен бірлесіп, мүдделер қақтығысын анықтау және алдын алу бойынша әдістемелік құрал әзірлеп, мемлекеттік органдарға жіберді.


Қаржы министрлігі Астана-1 кеден ақпараттық жүйесін аттестаттаудан өткізді, экспорттық-импорттық операциялар бойынша «бірыңғай терезені» енгізуді қамтамасыз етті. Кеден қызметінің қызметкерлері портативті бейнетіркеуіштермен жабдықталған.

2019 жылы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның орындалуын бағалау қорытындысы бойынша Агенттік пен арнайы мониторингтік топ бірқатар кемшіліктерді анықтады.

Осылайша, Мәдениет және спорт министрлігі 54-тармақты (сыбайлас жемқорлықты жаппай қабылдамауды қалыптастыруға бағытталған фильмдер жасау) орындамаған. Жоспардың сапасыз орындалуына Білім және ғылым министрлігі жол берді (33.1 – тармақ білім беру ұйымдарына түсуді автоматтандыру бойынша шаралар қабылдау; 50-тармақ жоғары оқу орындарындағы академиялық адалдық жағдайының мониторингі).

Бұдан басқа, қоғамдық сарапшылар Астана-1 ақпараттық жүйесін пайдалану кезінде техникалық іркілістердің болуын көрсетті, бұл сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларды қағаз форматта қызмет алуға мәжбүр етеді.

2016-2019 жылдары тіркелген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жалпы саны




2019 жылы келесі органдар анықтаған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар саны:



Тіркелген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар деңгейінің жыл сайынғы төмендеуі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша кешенді және мақсатты жұмыстың нәтижесі болып табылады.

Жергілікті атқарушы органдарда мемлекеттік сатып алу рәсімдерінде үлестес кәсіпкерлердің мүддесін қолдау және қамқорлық жасау, мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру, жер учаскелерін беру кезінде лауазымдық өкілеттігін теріс пайдалану және бюджет қаражатын жымқыру, сондай-ақ заңсыз шешімдер қабылдау кең таралған сыбайлас жемқорлық схемалары болып қала береді.

2245 сыбайлас жемқорлық қылмысы



Полицияда сыбайлас жемқорлық шартты түрде мерзімінен бұрын босату және «жеңілдетілген» ұстау жағдайларын жасау, пробациялық бақылау кезеңінде қамқорлық жасау, сондай-ақ жолдардағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету арқылы теріс пайдаланушылықтан және парақорлықтан көрінеді. Квазимемлекеттік сектор сондай-ақ сыбайлас жемқорлық көріністеріне бейім - 324 қылмыс анықталды, 106 адам сотталды.

Мұнда, негізінен, жымқырулар, лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдалану, сатып алуды жүзеге асыру, орындалған жұмыстар актілеріне қол қою кезіндегі парақорлық, анықталған бұзушылықтар бойынша шаралар қолданбау басым.

1002 адам сотталған, оның ішінде:



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің басым бағыттарының бірі бизнесті мемлекеттік органдардың заңсыз араласуынан қорғау болып табылады. Осы бағытта 358 сыбайлас жемқорлық фактісі анықталды, 400 кәсіпкердің құқықтары қорғалды.

Белгіленген залалдың 92%-ы өтелді (24,6 млрд. теңгенің 22,7-сі).



«ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН МЕМЛЕКЕТ»



13

«Antikor ortalyǵy»
сервистік орталықтары



988

өтініш «1424» Call-center
арқылы тіркелді



2201

азаматты сыбайлас
жемқорлыққа қарсы қызмет
басшылары жеке қабылдады



18 000

азаматқа
«Халық заңгері» акциясы
шеңберінде кеңес берілді



ПРЕВЕНЦИЯ ЖӘНЕ ПАРАСАТТЫЛЫҚ



> 900

мемлекеттік орган
«Open space» форматына
көшірілді



3 млн.

оқушы «парасаттылық
сағаты» акциясымен
қамтылды



81 %

мемлекеттік көрсетілетін
қызметтер электрондық
форматқа ауыстырылды



> 100

сервистік
әкімдік құрылды



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН ТАЛДАУ



236

сыбайлас жемқорлық
тәуекелінің сыртқы талдауы



2 966

сыбайлас жемқорлық тәуекелін
жою бойынша ұсынымдар



ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ШАРАЛАР



2 245

сыбайлас жемқорлық
қылмыстар бойынша
қылмыстық іс қозғалды



1002

адам сыбайлас жемқорлық
үшін сотталған



V ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ



50 қатысушы мемлекет

25 қатысушы мемлекет сыбайлас
жемқорлықты түйсіну индексі рейтингі
бойынша топ 50-ге кіреді

Сыбайлас жемқорлықпен күрестің
20 жетекші қағидаты
(№2 қосымшаны қараңыз)

Қазақстан сыбайлас жемқорлықты жоюға ұмтыла отырып, GRECO қағидаттарына сәйкес келетін стандарттарды өмірге енгізу бойынша қарқынды жұмыс жүргізді.

Бұл халықаралық сарапшылардың бағаларымен, елдің әлемдік рейтингтердегі ұстанымдарымен расталады.

2021 жылы GRECO-ның сараптамалық бағасы берілетін тағы да үлкен жұмыс күтіп тұр.

2019 жылы 30 желтоқсанда Қазақстан Республикасы мен Еуропа Кеңесі арасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттер тобы өкілдерінің және бағалау топтары мүшелерінің артықшылықтары мен иммунитеттеріне қатысты келісім ратификацияланды.

GRECO – 50 мемлекетті қамтитын Еуропа Кеңесінің бастамасы, олардың көпшілігінде әлемдегі сыбайлас жемқорлық деңгейі төмен.

2020 жылы 15-16 қаңтарда GRECO-ның атқарушы хатшысы Джанлука Эспозито Қазақстанға алғаш рет ресми сапармен келді.



Қазақстанның осы еуропалық бастамаға кіруі сыбайлас жемқорлықпен күрес қағидаттары мен тетіктерін ілгерілетуге ғана емес, сондай-ақ бизнес-ахуалды жақсартуға, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласын жетілдіруге ықпал ететін болады.

GRECO мемлекеттерге Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық саясаттағы кемшіліктерді анықтауға көмектеседі, қажетті заңнамалық, институционалдық және практикалық реформалар жүргізуге бастамашылық жасайды.

Заңдардың мазмұны ғана емес, сондай-ақ оларды жүзеге асыру тәжірибесі – ведомстволардың, институттардың, мекемелердің жұмысы, хабар таратушыларды қорғау және т. б. бағаланады.

GRECO-ға қатысу сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершілік туралы еуропалық конвенцияларға қосылу мүмкіндігін арттырады.



15

ЖЫЛ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

4

МОНИТОРИНГ КЕЗЕҢІ

106

ҰСЫНЫМ

МОНИТОРИНГКЕ ҚАТЫСУШЫ

9

МЕМЛЕКЕТ

ЭЫДҰ-ның Сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі Стамбул іс-қимыл жоспарының ұсынымдарын орындау бойынша Қазақстанның аралық есебінің нәтижелері сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру тиімділігін бағалау индикаторларының бірі болып табылады.

2019 жылы наурызда ЭЫДҰ-ның Шығыс Еуропа мен Орталық Азия елдеріне арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы желісінің пленарлық отырысында мониторингтік топ Стамбул жоспарының 4-раундының ұсынымдарын орындау туралы Қазақстанның аралық есебіне баға берді. Нәтижесінде, Қазақстан ЭЫДҰ ұсынымдарын орындауда оң баға алды. Орындалудағы 29 ұсынымның 20-сы бойынша ілгерілеушілік байқалады, 9-ы бойынша ілгерілеушілік жоқ.

Сарапшылардың бағалауына сәйкес, 2018 жылы және 2019 жылы «ақпаратқа қол жеткізу», «сыбайлас жемқорлық қылмыстар және олардың элементтері», «иммунитеттер», «саяси қызметшілердің парасаттылығы», «заңды тұлғалардың жауапкершілігі», «қылмыстық жауапкершіліктен босату», «шетелдік лауазымды тұлғаларды сатып алу», «сыбайлас жемқорлық қылмыстарды анықтау», «тергеу және қылмыстық қудалау» ұстанымдары бойынша ілгерілеушілік жоқ.

Осыған байланысты, Қазақстанға осы салаларға, оның ішінде оларды іске асырудың егжей-тегжейлі жоспарын әзірлеу жолымен өз назарын шоғырландыру ұсынылды.

2004 ж.	2007 ж.	2011 ж.	2016 ж.	2018 ж.	Наурыз, 2019 ж.
Қазақстан Республикасы	Мониторингтің I кезеңі	Мониторингтің II кезеңі	Мониторингтің III кезеңі	Мониторингтің IV кезеңі	Мониторингтің IV кезеңі
Шығыс Еуропа мен Орталық Азия мемлекеттері үшін ЭЫДҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы желісіне қосылды	34 ұсыным, оның ішінде: Орындалды – 3; Негізінен орындалды – 6; Жартылай орындалды – 19; Орындалмады – 6.	19 ұсыным, оның ішінде: Толық орындалды – 0; Негізінен орындалды – 2; Жартылай орындалды – 13; Орындалған жоқ – 4.	24 ұсыным, оның ішінде: Толық орындалды – 0; Негізінен орындалды – 1; Жартылай орындалды – 20; Орындалған жоқ – 3.	29 ұсыным, оның ішінде: Маңызды ілгерілеу – 0; Ілгерілеу – 11; Ілгерілеу жоқ – 18.	29 ұсыным, оның ішінде: Маңызды ілгерілеу – 5; Ілгерілеу – 15; Ілгерілеу жоқ – 9.

2 қыркүйек, Вена қ.

БҰҰ Бас хатшысының орынбасары – БҰҰ Есірткі және қылмыс жөніндегі басқармасының атқарушы директоры Юрий Федотовпен кездесу. Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды

**2-4 қазан, Нұр-Сұлтан қ.**

Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы академия тараптары Ассамблеясының 8-отырысы

**7-8 қазан, Алматы қ.**


ЕҚЫҰ-ның ОА және РФ елдері үшін «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетудегі цифрлы технологиялардың рөлі» өңірлік конференциясы

**10 желтоқсан, Нұр-Сұлтан қ.**

«Парасаттылықты ілгерілетудің тиімді тетіктері» атты халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы жыл сайынғы конференция»

**16 желтоқсан, Абу-Дабі қ.**

БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясына қатысушы мемлекеттер конференциясының 8-қорытынды сессиясы. Конференция шеңберінде «Парасаттылық осы жерден басталады: сыбайлас жемқорлыққа қарсы жанандық іс-қимылға өз үлесінді қос» атты Қазақстанның сайд-ивенті өтті.



Екіжақты ынтымақтастық шеңберінде Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі басшылығының - ҚКП ОК Саяси Бюросының мүшесі - ҚХР Мемлекеттік қадағалау комиссиясының төрағасы Ян Сяоду), Францияның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық агенттігінің басшысы (AFA) Шарль Дюшенмен, Австрия Федералдық сыбайлас жемқорлыққа қарсы бюросының директоры Андреас Визельталермен, Канада Премьер-Министрінің Еуропалық Одақ және Еуропа бойынша арнайы елшісі С. Дионмен және Канаданың Төтенше және Өкілетті Елшісі Н. Бруссомен, Ресей Федерациясы Президенті Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі басқармасының бастығы А. Чоботовпен және басқалармен кездесулер өтті.



VI

ҚОРЫТЫНДЫ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тұрғысынан 2019 жыл көп жағдайда табысты, ал жекелеген позициялар бойынша серпіліске толы жыл болды.

Өткен кезеңді қоғамды сыбайлас жемқорлықпен күреске кешенді әрі ауқымды тартуды жалғастыру және лауазымды тұлғалар мен азаматтарға парасатты мінез-құлықтың маңыздылығы ұғымын тағылымдау кезеңі ретінде сипаттауға болады.

Бүгін сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық қозғалысқа барлық мүдделі топтар – оқушылар, студенттер, оқытушылар, мемлекеттік қызметшілер, кәсіпкерлер, тәуелсіз сарапшылар, еріктілер және т.б. тартылды.

Нәтижеге баса назар аударылды. Білім беру ұйымдарында, мемлекеттік мекемелерде мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және жою бойынша мақсаттылы, нақты жұмыстар жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет қайта ұйымдастырылып, маңызды заңнамалық бастамалар пакеті қабылданды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда жұртшылықтың рөлі күшейтілді.

Мемлекет басшысының берік ұстанымы, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы озық стандарттарды белсенді енгізу елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсер етеді, бұл халықтың болып жатқан өзгерістерді қабылдауының оң динамикасымен расталады.

Осылайша, Transparency International халықаралық үкіметтік емес ұйымының зерттеу қорытындысы бойынша 2019 жылы сыбайлас жемқорлықты түйсіну индексі, оның ішінде әлеуметтік және экономикалық көрсеткіштер туралы ақпаратқа негізделген, Қазақстан тәуелсіздігінің барлық тарихында алғаш рет 3 позицияға көтеріліп, 34 баллды құрады.

Сонымен қатар, Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының осы баяндамада айтылған нәтижелері үлкен жұмыстың бастауы болып табылады. Алдымызда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың енгізілген тетіктерін іс жүзінде іске асыруды қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа заңнамалық және ұйымдастырушылық шаралардың тұтас пакетін қабылдау міндеті тұр.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы озық қағидаттарды, стандарттар мен ұсынымдарды одан әрі имплементациялау мақсатында келесі мәселелерді қарау ұсынылады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың жаңа құралдарын пысықтауды жалғастыру – заңсыз байытқаны үшін жауапкершілік, кірістер мен шығыстар декларациясын жариялау міндеттілігі, кәсіби сатылмаушылыққа тестілеу (Integrity check), пара уәдесін/ұсынысын, ықпал саудасын қылмыстандыру;

2) сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілікті күшейту: сыбайлас жемқор қылмыскерлердің шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қолдануға мүмкіндік беретін жазаны өтеу мерзімдерін ұлғайту; ауыр және аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасағаны үшін еселік айыппұлдарды жою; құқық қорғау органдары қызметкерлері мен судьялардың сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілігін күшейту; ауыр және аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдар үшін қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерде жазаны өтеудің күшін жою; парақорлықта пара берушілер мен делдалдардың жауапкершілігін күшейту;

3) халықты сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлау тәсілдері туралы ғана емес, сондай-ақ барлық ықтимал рәсімдерді егжей-тегжейлі сипаттай отырып, қарым-қатынастың құқықтық және психологиялық салдарлары туралы хабардар етуді қоса алғанда, сыбайлас жемқорлық фактілері туралы **хабарлаған адамдарды қорғаудың кешенді жүйесін** қалыптастыру;

4) «Сыбайлас жемқорлық» ұғымын оны жеке секторға тарату отырып **кеңейту;**

5) мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ашықтығын, транспаренттілігін және қоғамға есептілігін қамтамасыз ету тетіктерін жан-жақты регламенттей отырып, **«Қоғамдық бақылау туралы» заңды қабылдау;**

6) «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ны қоса алғанда, **мемлекеттік және квазимемлекеттік сатып алу бойынша бірыңғай заңды** қабылдаудың орындылығы;

7) мүдделік қолдау қызметін заңнамалық реттеу;

8) мүдделер қақтығысын болғызбауды регламенттейтін заңнаманы жетілдіру;

9) мемлекеттік қызметшілер, депутаттар, судьялар, олардың отбасы мүшелері үшін Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан шетелдік банктерде шоттар (салымдарды) ашу және иелену, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан шетелдік банктерде қолма-қол ақша қаражаты мен құндылықтарды сақтау, шетелдік қаржы құралдарын иелену және (немесе) пайдалану бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа шектеу енгізу;

10) **«Жария құқықтың заңды тұлғалары туралы» Заңды** қабылдау. Бұл институт мемлекеттің ел экономикасына қатысуын шектейді;

11) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектордың және банктердің ақпараттық жүйелеріне қол жеткізуін **заңнамалық қамтамасыз ету**;

12) Қазақстанның **сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын жоспарлау сапасын**, оның ішінде жоспарлы құжаттардың жобаларын жұртшылықпен кеңінен талқылау және оларда квазимемлекеттік және жеке секторды қоса алғанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың барлық субъектілері үшін іс-шараларды көрсету арқылы арттыру;

13) **сыбайлас жемқорлыққа қарсы жобалардың жұмысын жүйелеу** және арнайы мониторингтік топтардың және «Адалдық алаңы» («сыбайлас жемқорлықтан азат аймақтар») жобалық кеңсесінің құқықтық мәртебесін күшейту жолымен қоғамдық бақылауды кеңейту;

14) **«Ашық НҚА»** порталында құқықтық актілердің жобаларын талқылауға және түсіндірме беруге азаматтарды кеңінен тарту жөнінде түбегейлі шаралар қабылдау;

15) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне неғұрлым бейім салалар мен субъектілерді айқындау үшін кезеңдік әлеуметтік өлшеулерді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін **сыбайлас жемқорлықты түйсінудің субъектілік Ұлттық индексі**н енгізу;

16) Дүниежүзілік банктің әдіснамасы бойынша **сыбайлас жемқорлыққа қарсы нақтылы маршруттық карталарды** және салалық индикаторларды әзірлеу. Карта сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың нақты шараларын жоспарлауға негіз болады;

17) жөнелтушіні, қаржы көлемін және алушыны көрсете отырып, бюджет қаражатының барлық транзакциялары туралы (ауқымды жобалардан бастап қарындаштарды сатып алуға дейін) нақты ақпарат қолжетімді болатын **«Ашықтық порталын»** енгізу – соңғы қосалқы мердігерге дейін;

- 18) азаматтарды қаржыландыруды талап ететін объектілерді анықтауға тарту мақсатында, **Ашық бюджеттердің интерактивті картасы** платформасында «Халықтық қатысу бюджеті» модулін құру;
- 19) **мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді цифрландыруды**, оның ішінде бюджеттік жоспарлау және құжаттамалық қамтамасыз ету бөлігінде мемлекеттік органдардың қызметін электрондық форматқа толық көшіруді жеделдету, сондай-ақ мемлекеттік дерекқорларды интеграциялауды тездету;
- 20) бюджет қаражатын пайдалану туралы мәліметтерді ашық көздерде орналастырмағаны үшін, **тапсырыс берушілер мен мердігерлерге қатысты әкімшілік жауапкершілікті енгізу**;
- 21) **ISO 37001: «Anti-Bribery management systems»** халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын қолдануды ынталандыру;
- 22) қоғамдық белсенділердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа тартылуын кеңейту мақсатында, **«Antikor» мобильдік қосымшасын** құру;
- 23) мемлекеттік органдар мен ұйымдарды оңтайландыруды жалғастыру, **мемлекеттік қызметшілердің жалақысын арттыру** мақсатында әкімшілік шығыстарды қысқарту;
- 24) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған жағдайда оны қайтару тетігін енгізе отырып, мемлекеттік қызметшілердің қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмайтын **әлеуметтік пакетінің стандартын** әзірлеу;
- 25) мемлекеттік сатып алу және мемлекеттік көрсетілетін қызметтер салаларында **блокчейн** технологиясын енгізу;
- 26) **белсенді азаматтарды** парасатты мінез-құлықты насихаттауға, еріктілер жылы шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға және сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға **кеңінен тартуды қамтамасыз ету**;
- 27) **комплаенс-офицерлердің құқықтық мәртебесін**, сондай-ақ квазимемлекеттік және жеке секторлар субъектілерінің комплаенс-қызметтерінің міндеттері, функциялары мен жұмыс қағидаттары шеңберінің нақты шеңберін заңнамалық бекіту;
- 28) **Комплаенс-офицерлер лигасын** құру;
- 29) экономикадағы **қолма-қол айналымды қысқарту** жөніндегі шараларды **жеделдету**, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу, сондай-ақ жылжымалы және жылжымайтын мүлікті міндетті түрде қолма-қол ақшасыз өткізу кезінде қолма-қол есеп айырысу лимитін белгілеу;

- 30)** жерге орналастыру және кадастрлық есепке алу саласындағы **геоақпараттық порталдарды** пайдалануға енгізу;
- 31)** сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда **қамқоршылық кеңестердің рөлін күшейту** жөнінде шаралар қабылдау (білім беру ұйымдарының бюджеттерін бекіту және олардың орындалуын бақылау, ректорларды/директорларды және т.б. тағайындау);
- 32)** елдің барлық жоғары оқу орындарында **Академиялық адалдық лигасының** қағидаттары мен талдамалық құралдарын енгізу – студенттердің шығарылымы, бағалау медианасы жетімділігі, дәйексөз салу ережелері, антиплагиат және басқалар;
- 33)** сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және білім берудің барлық деңгейлерінде парасаттылық идеологиясын ілгерілету жөніндегі **міндетті оқу пәнін енгізу**;
- 34)** әрбір ауылдық округке дейін мемлекеттік басқарудың **сервистік моделін енгізуді** жалғастыру және мемлекеттік органдардың жария парасаттылығының толыққанды рейтингін енгізу;
- 35)** аумақтарды дамыту бағдарламаларын және жергілікті атқарушы органдардың бірінші басшыларының меморандумдарын сыбайлас жемқорлық деңгейінің төмендеу серпінін көрсететін **индикатормен** толықтыру;
- 36)** ШЫҰ шеңберінде **сыбайлас жемқорлыққа қарсы орталық ашу** жөніндегі жұмысты жалғастыру;
- 37)** **Қазақстанның ЕРАС-қа** (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі еуропалық серіктестер) /**EACN** (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі байланыс орталықтарының еуропалық желісі) бақылаушы ел ретінде қосылуы бойынша шаралар қабылдау;
- 38)** бюджет қаражатының негізсіз жұмсалуын және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында мемлекеттік органдар мен олардың ведомствоға бағынысты ұйымдарын, квазимемлекеттік сектор субъектілерін құруға немесе қайта ұйымдастыруға **міндетті қоғамдық сараптаманы енгізу**;
- 39)** мемлекеттік қызметші болып табылмайтын мемлекеттік ұйымдардың қызметкерлеріне (АҚ, БП, ММ) оның іс-әрекетін тарата отырып, Мемлекеттік қызметшінің **әдеп кодексінің мазмұнын пысықтау және қолданысын кеңейту** немесе жеке кодекс қабылдау.



VII | ҚОСЫМША

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН СУБЪЕКТИЛЕРІНІҢ 2019 ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТҮЙІНДІ НӘТИЖЕЛЕРІ

<p>МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ АГЕНТТІГІ</p>	<p>Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша мемлекеттік қызметшілердің халықпен тікелей байланысы қосымша қысқартылды.</p> <p>2019 жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің 81%-ын үйден шықпай-ақ электрондық форматта алуға болады (2020 жылдың жоспары - 90%- дан кем емес).</p> <p>Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары, регламенттері мен ережелері бірыңғай құжатқа енгізілді, бұл көрсетілетін қызметті алушылар үшін рәсімдерді жеңілдетеді.</p> <p>Белсенді түрде көрсетілетін қызметтер заңнамалық тұрғыдан бекітілген (көрсетілетін қызметті алушының өтінішінсіз көрсетілетін қызметті берушінің бастамасы бойынша қашықтықтан мобильді құрылғы арқылы).</p> <p>1 өтініш бойынша қолжетімді түрде көрсетілетін 19 қызметті қамтитын 8 композиттік көрсетілетін мемлекеттік қызмет бекітілді.</p> <p>Бұл құжаттар пакетін 30%-ға, ал мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсыну мерзімін 3 есе қысқартуға мүмкіндік берді.</p> <p>Халықтың мемлекеттік көрсетілетін қызмет сапасына қанағаттануы - 74,8%, бұл 2018 жылғы деңгейден 2,4%-ға жоғары (72,4%) («Зор Рух» қорының сұрастыруы).</p>
<p>ЖОҒАРҒЫ СОТ</p>	<p>«Қажетті істі қажетті судьяға» бөлуге мүмкіндік беретін осалдықтарды болдырмау мақсатында, істерді бөлу кезінде барлық сотта сыбайлас жемқорлықтың ықтималдығын барынша азайтуға мүмкіндік беретін автоматтандырылған тетік енгізілді.</p> <p>Сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша 7 судья сотталды. Тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін 14 судья қызметінен босатылды.</p>
<p>БАС ПРОКУРАТУРА</p>	<p>«Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын орындау үшін, мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету бойынша жобаларды іске асыру жалғасуда.</p> <p>20%-дан астам ауыр емес және орташа ауырлықтағы қылмыстар электрондық форматта (Е-қылмыстық іс) тергелуде.</p> <p>Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 2 млн. астам электрондық хаттама жасалды.</p> <p>СДТБТ жүйесі (субъектілер мен тексеру объектілерінің бірыңғай тізілімі) 300 заңсыз тексерудің жолын кесуге мүмкіндік берді.</p> <p>Сонымен қатар, құжаттарды апостильдеу мерзімі – 17-ден 5 жұмыс күніне дейін, архивтік анықтамаларды беру – 30-дан күнтізбелік 10 күнге дейін, әкімшілік құқық бұзушылық туралы мәліметтерді беру 3-күннен 15 минутқа дейін қысқартылды.</p> <p>2019 жылы құқық қорғау қызметтері орталықтарына 60 мыңға жуық азамат келген.</p>

<p>ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК КОМИТЕТІ</p>	<p>Ұлттық қауіпсіздік органдары сыбайлас жемқорлық фактілерін анықтаумен және тергеумен қатар, олардың алғышарттарын жояды.</p> <p>Мысалға, Қордай учаскесіндегі (Жамбыл облысы) Шекара қызметінің бөлімшелерінде өткізу пункттері мен шекаралық өткелдердің қызметін цифрландыру және автоматтандыру бойынша шаралар қабылданды.</p>
<p>ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ</p>	<p>Азаматтарды сервистік модельге көшу шеңберінде қабылдау үшін, полицияның фронт-кеңселері құрылуда. Қазір 239 фронт-кеңсе жұмыс істейді, онда еліміз бойынша күн сайын 5 мыңға жуық азамат қажетті консультациялық көмек алады.</p> <p>Ішкі істер органдарының қызметі мәселелері жөніндегі Қоғамдық кеңестің құрамы жаңартылды (жұртшылықтың 20 өкілі, 6 – ИМ).</p> <p>Көлік құралдарын тіркеу және жүргізуші куәліктерін беру жөніндегі функциялар полицияның тіркеу-емтихан бөлімшелерін таратумен «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына берілді.</p>
<p>ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ</p>	<p>Мемлекеттік көрсетілетін 12 қызмет электрондық форматқа ауыстырылды. Жасырын түрде мемлекеттік көрсетілетін 12 қызмет анықталды, оның ішінде 2-еуі мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне енгізілді, 4-еуі бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде.</p> <p>234 медициналық құжаттама нысаны цифрландырылды, бұл заңсыз айла-шарғы тәуекелін болдырмайды.</p>
<p>СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ</p>	<p>Консулдық көрсетілетін 2 қызмет автоматтандырылды (ҚР-дан тыс жерлерде тұрақты және уақытша тұратын ҚР азаматтарын есепке алу және есептен шығару).</p> <p>25 мыңға жуық электрондық виза берілді (117 елдің азаматтары электрондық визаға бере алады).</p> <p>«ҚР резиденті емес және ҚР аумағында инвестициялық қызметті жүзеге асыратын тұлғалар үшін инвесторлық виза алуға өтініш беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі автоматтандырылды.</p>
<p>БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ</p>	<p>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жобалар мен акциялар туралы тарауда айтылған Академиялық адалдық стандарттарымен қатар, 2019 жылы мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру саласындағы қызметтерді цифрландыру жалғастырылды. Электрондық кезекке республиканың 40 қаласы мен 150 ауданы көшті. Қез келген адам балабақшаны таңдаумен, кезекке тұрып, үйден шықпай-ақ талон ала алады.</p>

<p>АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ</p>	<p>Ақпаратқа қол жеткізу саласындағы уәкілетті орган институтын енгізуді, ақпаратқа қол жеткізу саласының жай-күйі туралы жыл сайынғы Ұлттық баяндаманы дайындауды, әрбір мемлекеттік органда ақпаратқа қол жеткізу жөніндегі уәкілетті тұлғаны (бөлімшені) айқындауды және басқа да жаңалықтарды көздейтін заң жобасы әзірленді.</p>
<p>МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ</p>	<p>Ведомствоға бағынысты ұйымдардың басшылары, орынбасарлары және мамандары үшін «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» тақырыбында республикалық семинар өткізілді.</p>
<p>ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІ</p>	<p>442 тексеру жүргізілді, әскери бөлімдердің қолбасшылығына сыбайлас жемқорлықтың алдын алу туралы 99 ұсыным енгізілді, 236 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды. 8230 алдын алу іс-шарасы, оның ішінде 238 дөңгелек үстел, 219 мәжіліс ұйымдастырылды.</p>
<p>АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ</p>	<p>Министрлікке мемлекеттік көрсетілетін 68 қызмет бекітілген, оның ішінде 56-сы автоматтандырылған (82%). Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы саласындағы барлық субсидияларды беру қызметтері электрондық форматқа ауыстырылды. Министрлік адами факторды қоспағанда, толық көлемде автоматтандырылған мемлекеттік көрсетілетін 10 қызмет ұсынады.</p>
<p>САУДА ЖӘНЕ ИНТЕГРАЦИЯ МИНИСТРЛІГІ</p>	<p>Еңбекке қабілетті жастағы мүгедек деп танылған тұлғаларға композиттік қызмет көрсету толығымен енгізілді (мүгедек адам куәландыру кезінде әлеуметтік жәрдемақы мен төлемдерді рәсімдей алады). Көрсетілетін қызметті алушының медициналық-әлеуметтік сараптама бөліміне жүгінуінсіз және көрсетілетін қызметті берушімен тікелей байланысуынсыз сырттай куәландыру енгізілді.</p>
<p>ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МИНИСТРЛІГІ</p>	<p>Әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы құрылды, онда 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап мүгедектігі бар адамдар техникалық оңалту құралдарының 55 түрінің 24-іне және мемлекеттік мекемелерде арнаулы әлеуметтік қызметтерге тапсырыс бере алады, 2020 жылдың шілдесіне дейін қалған 31-і енгізіледі. Бұл осы саладағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін айтарлықтай қысқартады.</p>

<p>ЦИФРЛЫҚ ДАМУ, ИННОВАЦИЯЛАР ЖӘНЕ АЭРОҒАРЫШ ӨНЕРКӘСІБІ МИНИСТРЛІГІ</p>	<p>Ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында, «Цифрлы комиссарлар» арнайы тәуелсіз тобы құрылды. Құрамына қоғам қайраткерлері, журналистер, блогерлер мен ІТ саласының өкілдері кірді.</p> <p>Олар «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы шеңберінде іске асырылған мемлекеттік органдардың жобаларына тәуелсіз мониторинг жүргізеді және кейіннен мүдделі мемлекеттік органдардың орындауымен, Министрліктің жұмыс тобына ескертулер мен ұсыныстар береді.</p>
<p>ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ</p>	<p>Көлік, өнеркәсіптік қауіпсіздік, геология және жер қойнауын пайдалану, техникалық реттеу және метрология салаларындағы бақылау-қадағалау функцияларының 30%-ы қысқартылды.</p> <p>Жол активтері сапасының ұлттық орталығы құрылды, онда «KazRoadLab» электрондық базасы арқылы автомобиль жолдарын салу және қайта жаңарту кезінде жұмыстар мен материалдардың сапасын сараптау процесі автоматтандырылды.</p> <p>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметпен бірге, «Сапалы жол – Адалдық алаңы» жобалық кеңсесі құрылды. Ол арнайы мониторингтік топпен бірлесіп, осы саладағы сыбайлас жемқорлықты жоюға бағытталған.</p> <p>Көліктік бақылау саласында заңнамада Көлік құралдарын тоқтату негіздерінің толық тізбесі белгіленген, ал барлық көліктік бақылау бекеттері инспекторлар қолданылуы міндетті бейнежетондармен жасақталған.</p> <p>Құрылыс және сәулет саласында құжаттар саны қысқартылды және мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мерзімдері оңтайландырылды (бастапқы материалдарды беру кезінде - жобаның күрделілігіне байланысты 40 - тан 6-17 жұмыс күніне дейін, эскиздік жобаны келісу - 60-тан 10 жұмыс күніне дейін).</p> <p>Тіреу және қоршау конструкцияларын, инженерлік жүйелер мен жабдықтарды өзгертуге байланысты емес үй-жайларды қайта жоспарлауға рұқсат алудың күші жойылды.</p> <p>Құрылыс саласын цифрландыру және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту шеңберінде технологиялық процестердің ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін «Е-Құрылыс» ақпараттық жүйесі енгізіледі.</p>
<p>ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІ</p>	<p>«Жасырын» мемлекеттік көрсетілетін 3 қызмет анықталды (жер қойнауын пайдалану құқығын және жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді беру, көмірсутек шикізатын және уран өндіру бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар мен қосымша келісімдер жасасу) және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтер тізіліміне енгізілді.</p>

<p>ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ</p>	<p>Кедендік тазарту бөлігінде тауарға декларация беру кезінде адами факторды болдырмайтын «Астана-1» жаңа ақпараттық жүйесі іске қосылды. Кеден декларацияларын шығару мерзімі бірнеше күннен 1 минутқа дейін қысқартылды. 1,7 млн-нан астам кедендік декларация өңделді, оның ішінде экспорттық-импорттық операциялар бойынша 71,3%-ы кеден инспекторының қатысуынсыз автоматты режимде жүйемен, ал транзит рәсімі бойынша – 85,6%-ы шығарылған.</p> <p>Камералдық бақылаудың 30 рәсімі автоматтандырылды.</p> <p>2019 жылғы наурызда Министрліктің бастамасымен Дүниежүзілік кеден ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі диагностикалық миссиясы ұйымдастырылды.</p> <p>Тәуекелдерді басқарудың кедендік жүйесін жетілдіру жөніндегі ұсынымдар мен Қазақстанның Кедендік тәуекелдерін басқару жөніндегі тұжырымдамасының жобасы миссияның практикалық нәтижелері болды.</p>
<p>ЭКОЛОГИЯ, ГЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСАР МИНИСТРЛІГІ</p>	<p>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен бірлесіп, Су ресурстары комитеті мен оның ведомствоға бағынысты ұйымдарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізілді.</p> <p>Министрліктің мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді автоматтандыру, дискрециялық өкілеттіктерді жою, мемлекеттік бақылау инспекторларын бейнетіркеуіштермен қамтамасыз ету, мүдделер қақтығысын болдырмау және басқа да шаралар жөніндегі іс-шаралар қамтылған Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасы бекітілді.</p>
<p>РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТТІҢ АТҚАРЫЛУЫН БАҚЫЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕП КОМИТЕТІ</p>	<p>2019 жылы Есеп комитеті 2020 жылдан бастап халықаралық сертификаты бар мемлекеттік аудиторлардың жалақысын ұлғайту туралы мәселеге бастама көтерді және заңнамалық негізде оң шешім қабылдады, бұл осы саладағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін қосымша азайтады.</p> <p>Объектіге шықпастан, аудиттің алдын ала кезеңін жүргізуге мүмкіндік беретін ақпараттық жүйе құрылды және жұмыс істейді, бұл тексеру объектілерімен тікелей байланысты айтарлықтай азайтады.</p> <p>Салалық секторлар арасында мемлекеттік аудиторларды ротациялау көзделген.</p>

<p>«БӘЙТЕРЕК ДЕВЕЛОПМЕНТ» АҚ</p>	<p>Құрылыс саласын цифрландыру шеңберінде нақты уақыт режимінде салынып жатқан барлық объектінің дистанциялық мониторингін жүзеге асыруға және бөлінген қаражаттың игерілуін бақылауға мүмкіндік беретін ахуалдық орталық пайдалануға берілді.</p> <p>Объектілерді бейне-бақылау камераларымен жабдықтау объект құрылысының жалпы прогресі мен динамикасына, сондай-ақ жұмыс күші мен техникасының қозғалысына қашықтықтан мониторинг жүргізуге мүмкіндік береді. Қағаз тасығыштарда ай сайынғы 68 есеп жойылды. Құрылысты бақылауды автоматтандыру сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау және бюджет қаражатын жымқыру тәуекелдерін айтарлықтай азайтуға мүмкіндік берді.</p>
<p>«ҰЛТТЫҚ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР» АҚ</p>	<p>«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заң шеңберінде «Ашық үкімет» жобасы іске асырылды. OpenGov.kz («Ашық деректер», «Ашық диалог», «Ашық НҚА») және «ашық бюджеттер» негізгі құрамдас бөліктері болып табылады, онда азаматтар құжат жобаларына өз түсіндірмелерін қалдыра алады және пікірталастарға қатыса алады.</p> <p>2019 жылы сәуірде қоғам көлеңкелі айналымды азайту мақсатында, «Е-сара» жобасын іске асырды (жүйеге 3 мұнай өңдеу зауыты, 17 шағын қуатты мұнай өңдеу зауыты және 1784 автожанармай құю станциясы іске қосылған).</p>
<p>«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰҚ» АҚ</p>	<p>Бір көзден сатып алу көлемі 6%-ға дейін, яғни, 2018 жылмен салыстырғанда 13 есе төмендеді.</p>
<p>«ҚАЗАВТОЖОЛ» ҰҚ» АҚ</p>	<p>Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсыну форматы өзгерді. Енді олар тек «электрондық үкімет» порталы арқылы жүзеге асырылады, бұл қызмет беруші мен қызмет алушының тікелей байланысын болдырмайды. Сондай-ақ, қоғамның барлық құжат айналымы электрондық форматқа ауыстырылды.</p> <p>Автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық оператордың сайтында (www.qaj.kz) жұмыстар барысы, жобалардың құны, мердігерлер, техникалық қадағалау, жол бойындағы сервис объектілері және азаматтар үшін маңызды басқа да мәліметтер туралы ақпараты бар интерактивті карталар жарияланды.</p>
<p>«ҚАЗПОЧТА» АҚ</p>	<p>Сатып алудың тек 39%-ы бір көзден тәсілімен өткізілді (2018ж. – 47%, 2017ж. – 52%).</p>
<p>«ҚТЖ» ҰҚ» АҚ</p>	<p>Жүк тасымалына өтінімдерді ресімдеу процесі автоматтандырылды. Қазіргі уақытта республикаішілік қатынастағы тасымалдау құжаттарының 90%-ы электрондық форматта ғана рәсімделеді.</p> <p>Персоналды іздеу, іріктеу және бағалау процесін толық орталықтандыру, өңірлік бастықтарды кадр шешімдерін қабылдаудан шеттету, бос жұмыс орындарын ашық жариялау, qsamguk платформасында кандидаттарды орталықтандырылған тестілеу кіретін персоналды ашық жалдау жөніндегі жоба енгізілді.</p> <p>Жұмысқа орналастырудың әділ схемасы 1104 адамды мамандығы бойынша жұмысқа қабылдауға мүмкіндік берді.</p>

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МЕМЛЕКЕТТЕР ТОБЫНЫҢ ЖЕТЕКШІ ҚАҒИДАТЫ

1. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін тиімді шаралар қабылдау және осыған байланысты қоғамдық түсінік деңгейін және әдепті мінез-құлықты көтеру.
2. Ұлттық және халықаралық сыбайлас жемқорлықты үйлестірілген қылмыстандыруды қамтамасыз ету.
3. Сыбайлас жемқорлық жағдайлары бойынша алдын алуға, тергеуге, сот құдалауына және сот шешімін шығару жауап беретін адамдардың олардың функцияларына сәйкес келетін тәуелсіз және автономияға ие болуына, ықпал етуден бос болуына және дәлелдемелер жинау үшін тиімді құралдары болуына, билікке сыбайлас жемқорлықпен күресте көмектесетін адамдарды қорғауға және тергеудің құпиялығын сақтай отырып қамтамасыз ету.
4. Сыбайлас жемқорлық жағдайларының нәтижесінде алынған табыстарды тәркілеу және айыру үшін тиісті шараларды қамтамасыз ету.
5. Сыбайлас жемқорлық жағдайларымен айналысатын заңгерлерге қысым жасаудың алдын алу үшін тиісті шараларды қамтамасыз ету.
6. Сыбайлас жемқорлық жағдайлары бойынша тергеуден, сот құдалауынан немесе сот шешімінен иммунитетті демократиялық қоғамда қажетті деңгейге дейін шектеу.
7. Сыбайлас жемқорлықпен күреске жауап беретін адамдарды немесе органдарды мамандандыруға жәрдемдесу және оларды тиісті құралдармен және олардың міндеттерін орындауға арналған дайындықпен қамтамасыз ету.
8. Қаржылық заңнама және осы саладағы қызметке жауап беретін органның сыбайлас жемқорлықпен күреске тиімді және үйлестірілген түрде, оның ішінде заңға сәйкес немесе практикада, параларға немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға байланысты басқа да шығыстарға байланысты салықтарды төмендету мүмкіндігін қоспағанда, жәрдемдесуін қамтамасыз ету.
9. Мемлекеттік билік органдарының ұйымдастырылуы, жұмыс істеуі және шешімдер қабылдауы сыбайлас жемқорлықпен күрестің қажеттілігін назарға алуы, ең алдымен, тиімділікке қол жеткізу үшін қажет болатындай ашықтыққа кепілдік беруді қамтамасыз ету.
10. Лауазымды адамдардың құқықтары мен міндеттеріне қатысты ережелер сыбайлас жемқорлықпен күрес талаптарын қамтуын және тиісті тиімді тәртіптік шараларды көздеуін қамтамасыз ету; мемлекеттік лауазымды тұлғалардан күтілетін мінез-құлықты әдеп кодекстері сияқты тиісті стандарттарының көмегімен одан әрі әзірлеуді ілгерілету.
11. Аудиттің тиісті рәсімдері мемлекеттік органдар мен бюджеттік ұйымдардың қызметіне таралуын қамтамасыз ету.
12. Әкімшілік органдардан тыс, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда және анықтауда аудит рәсімдерін атқара алатын рөлді нығайту.
13. Көпшілік алдындағы жауапкершілік және есеп берушілік лауазымды тұлғалардың сыбайлас жемқорлық мінез-құлқының салдарын ескеруін қамтамасыз ету.
14. Әділ бәсекелестікке жәрдемдесетін және сыбайлас жемқорлардың араласуын болдырмайтын мемлекеттік сатып алу үшін тиісті ашық рәсімдерді қабылдау.
15. Сайланған өкілдердің мінез-құлық кодексін қабылдауын көтермелеу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасайтын саяси партиялар мен сайлау науқандарын қаржыландыру ережелерін ілгерілету.
16. БАҚ-тың сыбайлас жемқорлық мәселелері бойынша ақпаратты еркін алуға және таратуға құқығы болуын және демократиялық қоғамда қажетті шектеулерге ғана ұшырауын қамтамасыз ету.
17. Азаматтық құқықты сыбайлас жемқорлықпен күрестің қажеттілігін ескеретін, атап айтқанда, сыбайлас жемқорлық мүдделеріне әсер еткендерге құқықтық қорғау мен құқықтың тиімді құралдарын қамтамасыз ету.
18. Сыбайлас жемқорлық саласындағы зерттеулерді көтермелеу.
19. Сыбайлас жемқорлықпен күрестің әрбір жайтында ұйымдасқан қылмыспен және ақша қаражатын жылыстатумен ықтимал байланыстардың назарға алынуын қамтамасыз ету.
20. Сыбайлас жемқорлықпен күрестің барлық саласында халықаралық ынтымақтастықты барынша дамыту.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫБАЙЛАС
ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ АГЕНТТІГІ
Нұр-Сұлтан қ., С.Сейфуллин көшесі, 37-үй
тел. +7 (7172) 90-92-60
anticorruption@nab.gov.kz